

МҒТАР 16.01.45

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp235-248](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp235-248)

Б.С. Каримова¹, Е.К. Нурланбекова¹, Б.Қ. Базылова², А.П. Макашева¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, 120014, Қазақстан Республикасы

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

СОІЛ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (СОІЛ) мәселелеріне байланысты ғалымдардың еңбектеріне және олардың теориялық, методологиялық негіздеріне аналитикалық шолу жасалды. Шетелдік серіктес университеттермен бірлескен халықаралық онлайн оқыту (СОІЛ) әдісі арқылы білім алушылардың мәдениетаралық және лингвистикалық құзыреттіліктерін дамыту, тілдік ортаны қалыптастыру, қарым-қатынас, сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу дағдыларын арттыру мәселелері қарастырылды. СОІЛ әдісін бағалау мақсатында 60 білім алушыдан сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелерін сандық әдісімен талдап, білім алушылардың оқу бағдарламасынан алған әсері, кросс-мәдени құзыреттілігін дамытуына тигізген ықпалы және тілдік деңгейінің дамығандығы туралы ақпарат жиналды. Еліміздегі студенттерге шетелге шықпастан, шетелдік университеттерден білім алу, тәжірибе алмасу, лингвомәдени, мәдениетаралық және кросс-мәдени құзыреттіліктерді дамытуға болатыны анықталды.

Кілт сөздер: Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (СОІЛ), лингвомәдени құзіреттілік, цифрлық платформа, интернационалдандыру.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (СОІЛ) – оқытушылар мен студенттерге интернет құралдары мен инновациялық онлайн-педагогиканы қолдана отырып, географиялық тұрғыдан алыс жерлерде орналасқан әр түрлі елдердегі құрдастарымен қарым-қатынас жасауға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін оқытудың инновациялық тәсілі.

Университет студенттерінің жаһандық білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті СОІЛ платформасына тіркелді. Университетте СОІЛ платформасының артықшылықтары мен ерекшеліктері, оқыту барысында қолданылатын технологиялар, профессор-оқытушылар құрамын тарту, шетелдік университеттермен байланыс орнату, екіжақты силлабус жасау және интернационализация мәселелері кеңінен қарастырылды. Бірлескен халықаралық онлайн оқыту Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім жүйесін жаңашаландырудың маңызды бағыты деп есептейміз. Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (СОІЛ) оқу ортасының өзгеруіне, студенттерге бірлескен шығармашылыққа арналған кеңістіктер ашып, қазіргі әлемнің өзекті мәселелерін шешу үшін қолайлы ортада ынтымақтастық жасауға, лингвомәдени құзіреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

Жоғары оқу орнын интернационалдандыру университеттер арасындағы халықаралық қатынастардың жоғарғы сатысы болып табылады және білім сапасын арттыру құралы ретінде қарастырылады. Жоғары білім беруді интернационалдандыру мәдениетаралық құзыреттіліктерді, халықаралық тәжірибелерді оқу бағдарламаларына және ғылыми зерттеулерге біріктіруді білдіреді. 2010 жылы Болон декларациясына қол қою Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының халықаралық қызметін кеңейтудегі маңызды

қадам болды [1]. Еліміздің білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастығы ҚР заңнамасына және халықаралық келісім-шарттарына сәйкес жүзеге асырылады: ҚР Білім туралы Заңы [2], Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [3], жоғары оқу орындары білім алушыларының академиялық ұтқырлық тұжырымдамасы [4].

Коронавирус пандемиясы жоғары білім беруде, соның ішінде білім алушылардың халықаралық ұтқырлық бағдарламасына да үлкен әсер етті. Пандемия басталған кезде көптеген халықаралық студенттер шетелдің жоғары оқу орындарында болды, бірақ сабаққа қатыса да, жаңа ортамен араласа да алмады. Ал шетелде оқуын жоспарлағандар үшін академиялық ұтқырлықтан мүлдем бас тартуына тура келді. Көптеген университеттер академиялық ұтқырлыққа балама ретінде халықаралық студенттерге университетке барып оқудың орнына виртуалды баламаларын ұсынды.

Жаһандану дәуірінде онлайн оқытуға көбірек көңіл бөлініп, мүмкіндіктердерді қарастыру негізінде шетелге шығып оқуды қажет етпестен әртүрлі елдердегі жоғары оқу орнын байланыстыратын цифрлық технологиялар арқылы білім алушылардың өзара тәжірибе алмасып, жан-жақты білім алуын қамтамасыз ететін педагогикалық әдісі ретінде Бірлескен Халықаралық Онлайн Оқыту (COIL) пайда болды. Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) – Нью-Йорк мемлекеттік университеті (SUNY) әзірлеген виртуалды алмасу. SUNY COIL орталығы 2004 жылы мәдениеті әртүрлі студенттер мен профессорларды бірлескен жобалар мен пікірталастарда бірлесіп жұмыс істеуге тарту үшін құрылды, бұл әр оқу орнында әр студентке халықаралық және мәдениетаралық тәжірибеден өту үшін қол жетімді. SUNY COIL орталығы ортақ көпмәдениетті оқыту орталарында мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту үшін жаңа оқыту мен оқу парадигмаларын дамытуға бағытталған бірлескен онлайн халықаралық оқытудың дамып келе жатқан саласындағы көшбасшы болып табылады.

Рубин COIL-дың маңыздылығын тек технологияны немесе технологиялық платформаны пайдалану ретінде ғана емес, жалпы көпмәдениетті оқыту ортасында мәдениетаралық хабардар болуды дамытуға арналған оқыту парадигмасы ретінде ерекше атап көрсетті [5, 35].

Жоғары білім беруде интернационаландыру стратегияларын жүзеге асыруда виртуалды алмасу деп те аталатын бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдісі болып табылады. Бұл стратегия шетелге шығуға мүмкіндігі жоқ білім алушыларға басқа елдердің білім алушыларымен тәжірибе алмасуға, лингомәдени құзыреттіліктерін дамытуға, сонымен қатар білім мазмұнын жақсартуға мүмкіндік береді. COIL университеттерге өз студенттерінің жаһандық қатысуын қамтамасыз етудің үнемді әдісін ұсына отырып, онлайн және виртуалды өзара әрекеттесудің дәлелденген тәсілдері арқылы студенттерге бағытталған мәдениетаралық өзара әрекеттесуді күшейтеді.

Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) әдісі цифрлық технологияларды, дәлірек айтқанда интернетті пайдалана отырып, мәдениетаралық құзыреттілікті және бірлескен оқытуды дамытуға ықпал етеді. Бұл тәсіл ғаламдық желілік оқыту, телеколлорація немесе виртуалды ұтқырлық/алмасу деп те аталады [6]. Осыған байланысты, Вулф бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) термині жоғары оқу орындары арасында виртуалды ынтымақтастық мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған және қаржылық шектеулер жағдайында да интернационаландыруды ынталандыру әлеуетіне байланысты бұл жерде академиялық ұтқырлыққа балама ретінде қарастырылатын болады деп атап көрсетеді [7].

Американдық білім кеңесі COIL-ді бірлескен көпмәдениетті онлайн оқыту орталарында мәдениетаралық құзыреттілікті дамытатын оқыту мен оқытудың жаңа парадигмасы ретінде анықтайды [8, 2].

Де Вит "бірлескен халықаралық онлайн оқыту" термині виртуалды ұтқырлықтың төрт негізгі аспектісін біріктіреді, атап айтқанда: оқытушылар мен студенттердің бірлескен жұмысы; онлайн технологияларды пайдалану және өзара әрекеттесу; халықаралық әлеуметтік аспектілер және оқу процесіндегі интеграция. COIL әдісінің бір бөлігі ретінде

ынтымақтастық, тілдік және мәдени тәжірибесі әртүрлі екі немесе одан да көп адамдар арасында ортақ түсінік қалыптастыру үшін өзара әрекеттескенде орын алады [9, 35].

Осылайша, COIL әдісі жергілікті және жаһандық контексттерді, тілдер мен мәдениеттерді қарастырудың бір бағытты тәсілдеріне балама болып табылады. Спизберг пен Чаннон үшін мәдениетаралық коммуникациялық құзыреттілік жаһанданған қоғамда ел ішінде де, шетелде де әрекет ету үшін қажет. Жеке адамның басқа мәдениеттермен және этникалық, діни топтармен өзара әрекеттесу икемділігі болуы керек, өйткені мәдени әртүрлілік барлық жерде көрінеді. Тілді мәдениеттен ажыратуға болмайды, өйткені белгілі бір тілдің формалары мен қолданылуы сол тілде сөйлейтін қоғамның мәдени құндылықтарының көрінісі болып табылады [10, 50].

COIL моделі онлайн халықаралық бірлескен оқу орталары арқылы студенттердің мәдениетаралық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді [11, 9]. Бұл модель халықаралық мұғалімдер қауымдастығы және олардың студенттері үшін географиялық тұрғыдан алыс жерлерден академиялық ұтқырлықты қажет етпей виртуалды технологияларды қолдау арқылы бірлесіп жұмыс істейтін оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. COIL бірлескен курстарын әртүрлі оқу орындарының серіктес профессорлары студенттермен өзара қарым-қатынаста жұмыс істеу және бірлескен оқытуды дамыту үшін әзірлейді.

Университетте шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты коммуникативті, лингвомәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады, яғни болашақ мамандарда кәсіби қарым-қатынас саласында шет тілдік қарым-қатынастың практикалық дағдылары болуы керек, олар басқа елдердің өкілдерімен мәдениетаралық өзара тиімді әрекеттесу үшін қабілетті және дайын болуы керек. Бұл мәселені студенттердің ұтқырлық бағдарламасы арқылы шешуге, сондай-ақ өз білімін аудиторияға жеткізетін оқытушыларды тарту негізінде интернационалдандыру процесіне көптеген студенттерді қамтуға болады [12, 90].

Біздің зерттеудің мақсаты - ЖОО арасындағы халықаралық ынтымақтастықты және олардың интернационалдандыру үдерісін дамыту үшін COIL әдісі арқылы шетел тілін оқытуда студенттердің лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастыру. Лингвомәдени құзыреттілік ұлттық тарихы мен дәстүрі бар қоғамның мүшесі болып табылатын адамның өмір сүруі барысында көрінеді. COIL әдісін пайдалану арқылы жергілікті және шетелдік оқытушылардың өзара ынтымақтастығы және басқа елдің мәдениетімен танысудың жаңа мүмкіндіктері пайда болады. Ол студенттерге халықаралық және көп мәдениетті білім алуға, виртуалды ұтқырлық арқылы білім алмасуға, жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық, мәдениетаралық құзыреттіліктер мен цифрлық дағдыларды дамыту қабілеттерін шыңдауға жол ашады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Набережный Челны университеті (Татарстан) 2022 жылдың тамызында бірлескен халықаралық оқыту (COIL) моделіне негізделген оқыту бағдарламасын әзірледі. Курстың мақсаты: екі түрлі оқу орнының студенттері цифрлық медиа және eLearning негізіндегі жобалық іс-шаралар арқылы ағылшын тілі білімдерін жетілдіре отырып ынтымақтастыру. Сабақ барысында мәдениетаралық қарым-қатынас пен түсіністікке баса назар аударылды. Бекітілген екі жақты силлабус бойынша виртуалды ұтқырлық арқылы студенттердің лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту мақсатында екі елдің студенттеріне ортақ тақырыптар ұсынылды. Олар: ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, ұлттық мейрамдар, әдеп және этика. Екі серіктес университеттің студенттеріне бірлескен онлайн сабақтары зум платформасында ұйымдастырылды.

Екі университет студенттері өз халқының ұлттық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және мәдениеті туралы ақпаратпен бөлісті. Студенттер аудио-видео материалдар мен презентацияларды пайдалана отырып, қазақ және татар халықтарының ұлттық мейрамдарын таныстырды. Қазақтар мен татарлардың наным-сенімдеріне қатысты пікір алмасу және

пікірталас өтті. Студенттердің әртүрлі мәдениеттердегі әдеп пен этика туралы білімдерін кеңейту және студенттердің қарым-қатынас дағдыларын дамыту жұмыстары жасалынды. Студенттер #Коллабрация Россия-Казахстан атты хэштегпен VK әлеуметтік желісінде топ құрып (<https://vk.com/club219359454>), тіркелді және өздерін таныстырып бейнероликтер түсіріп, оны VK-ға жіберді. Оқытушылар өтілетін пән бойынша екі жақты COIL модуль әзірледі, оқыту әдістерін қарастырып, онлайн форматқа жаттығулар тағайындады, материалдармен алмасып, тапсырмаларды жүктеді, талқылау тақырыптарын құрады, сұрақтарды сыныпта жариялады т.с.с (онлайн құралдарды оқытушылар өздері таңдады: Edmodo, Facebook, Adobe Connect, Skype, Zoom, WhatsApp).

Үй жағдайында студенттер құрдастарымен Facebook әлеуметтік желісінде сәлемдесу хабарламасын жазды. Студенттер жұптасып, топ болып сұхбаттасып, постер / коллаж жасады. Олар Glogster, piktochart, MS Word және Clip art құралдарын пайдалана отырып, пікір алмасу, пікірсайыстар, тақырыпқа байланысты сұрақтар дайындады. Сабақ барысында екіжақты рөлдік ойындар, диалог әдісі, проект жұмыстары, проблемалық оқыту, конференция сабақтар ұйымдастырылды.

Нью-Йорк мемлекеттік университеті ұсынысында студенттердің бір-бірімен жақынырақ танысуы және бірлесіп жұмыс істеуге деген сенімін дамыту үшін COIL курсы/модулі кем дегенде төрт аптаға созылуы керек делінген. Сол себептен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университеті ұсынған онлайн бірлескен бағдарламасы төрт аптаға созылды. Бірінші жылы студенттердің практикаға шығуына байланысты сабақ аптасына екі рет екі апта өткен, екінші жылы аптасына екі рет төрт аптаға созылды. Сабақтар екі университетте де компьютерлер, құлаққаптар, LED экранмен толық жабдықталған сыныптарда синхронды және асинхронды форматта өтті.

Лонгитюдті зерттеу әдісі бойынша студенттердің лингвомәдени құзыреттіліктерінің қалыптасуын анықтау мақсатында екінші оқу жылы эксперимент соңында студенттерден тағы да тест алынып, сауалнама нәтижелері (pre-test және post-test) салыстырылды.

Респонденттерді таңдаған кезде біз іріктеудің репрезентативтілігін қамтамасыз етуге тырыстық: бірлескен халықаралық онлайн сабақтарға қатысқан екі серіктес университеттің студенттері болды. Зерттеу мақсатына сәйкес қатысушылар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінен (30) және Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінен (30) жалпы 60 студент болды. Екі топта да «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері қатысты. Қатысушы студенттердің жасы: 20 - 22 жас.

Сауалнаманы құрастыру кезінде COIL әдісін қолдану арқылы бірқатар нақты талаптарды орындауға тырыстық: аралас типтегі сауалнамалар құрастырдық, оның ішінде «ашық» және «жабық» сұрақтар: дайын жауаптары жоқ сұрақтар (респондент жауапты өзі қарастыру керек) және тақырып бойынша дайын жауаптар берілген.

Мысалы: Жауап берушілерге нұсқаларын қамтымайтын «ашық» сұрақты ұсындық: Қазақ/татар халқының қандай ұлттық тағамдарын білесіздер?

Кейбір сұрақтарда «иә» деген жауапты таңдаған жағдайда студенттің нақты қойылған мәселе бойынша хабары бар екенін дәлелдеу үшін атап көрсетуі талап етілді: Қазақ/татар халқының мәдениетіне тән дәстүрлі халық әндері, билері немесе музыкалық аспаптары бар ма?

Нақты жауаптар алу үшін біз «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болатын сұрақтар бердік. Қойылған мақсатқа және күтілетін ақпараттың мазмұнына байланысты сауалнама сұрақтары бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленді.

Біз респонденттерге бір немесе бірнеше дайын жауап нұсқаларын таңдауды ұсына отырып, «жабық сұрақ» бар сауалнаманы қолдандық. Біз бастапқыда респонденттердің өз ойларын білдіру мүмкіндігін шектедік.

Сондай-ақ, ашық сұрақтар респонденттерді белсендіруге қызмет етсе, жабық сұрақтар керісінше оларға дайын білім беріп, олармен тек келісу немесе келіспеушілік білдіруді талап етті.

Талдауымызға нақты және ыңғайлы жауаптар алу үшін, олардың бірлескен халықаралық онлайн оқытуға (COIL) деген көзқарасын, қазақ және татар халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері туралы білімдерін анықтау мақсатында бірнеше жауап нұсқасын таңдау ұсынылды.

Объективті өлшеу үшін сандық деректер статистикалық әдістер арқылы өңделді. Студенттердің берген жауаптары негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттелетін мәселенің бастапқы жай-күйін анықтау мақсатында біз анықтау экспериментін жүргіздік, оның нәтижелері лонгитюдті зерттеу әдісін қолдану арқылы студенттердің лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемелік моделін жүйелеу үдерісіне әсер етті.

Анықтау экспериментінің негізгі мақсаттары:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университеті студенттерінің қазақ/татар халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрін зерделеу кезінде қолданатын сөздік қорын анықтау.

2. Студенттердің білім беру, балаларды тәрбиелеу және қарт туыстарына қамқорлық көрсетумен байланысты мәдени дәстүрлер туралы дәлелді құндылық пікірлерін өз бетінше білдіру қабілетін анықтау.

3. Студенттердің құндылық пайымдауларының тереңдігі мен ғылыми сипатының дәрежесін және оларды түзету мүмкіндігін анықтау.

Эксперимент келесі критерийлер негізінде жүргізілді:

1. Басқа халықтың мәдениеті мен дәстүрінің ерекшеліктерін сипаттайтын сөздік қорды меңгеру дәрежесі.

2. Білім берумен, балаларды тәрбиелеумен және қарт туыстарға қамқорлықпен байланысты мәдени дәстүрлерге негізделген бағалаушы пайымдау дағдыларын меңгеру дәрежесі.

3. Студенттердің құндылық пайымдауларының ғылыми сипатының дәрежесі.

Университет студенттеріне келесі сауалнама сұрақтарына жауап беру ұсынылды:

1. Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) сізге басқа елдің мәдениеті мен дәстүрлерін жақсырақ түсінуге көмектесті ме?

2. Қазақ және татар халықтарының салт-дәстүрлерінде сәлемдесу мен сыпайылық белгілеріне қатысты айырмашылықтар бар ма?

3. Қазақ/татар халқының қандай ұлттық тағамдарын білесіздер?

4. Қазақ/татар халқының мәдениетіне тән дәстүрлі халық әндері, билері немесе музыкалық аспаптары бар ма?


5. Қазақ/татар халқының мәдениетінде оқу-білімге, бала тәрбиелеуге, қарт туыстарға қамқорлық жасауға қатысты дәстүрлер бар ма?

Сауалнаманың бірінші сұрағы бірлескен халықаралық онлайн оқытудың (COIL) тиімділігін анықтауға бағытталған; екінші сұрақ – ұлттардың амандасуындағы айырмашылықтарды анықтау; үшінші сұрақ – халықтардың дәстүрлі ұлттық тағамдары туралы түсініктерін анықтау; төртінші сұрақ – білім беру, бала тәрбиелеу, қарт туыстарға қамқорлық көрсетуге байланысты дәстүрлерді анықтауға қажетті лексикалық қорларды меңгеру дәрежесін анықтау.

Сауалнаманың бірінші сұрағына студенттер 100% келісті. Бұл студенттерге бірлескен халықаралық онлайн оқытудың (COIL) басқа елдің мәдениеті мен дәстүрлерін жақсырақ түсінуге көмектескенін білдіреді.


Екінші сұраққа берілген жауаптарды талдау студенттердің 95,5 % қазақ және татар халықтарының салт-дәстүрлерінде сәлемдесу мен сыпайылық белгілеріне қатысты айырмашылықтары бар екенін көрсетеді. Студенттердің аз ғана бөлігі (4,5%) қазақ және татар

халықтарының салт-дәстүрлерінде сәлемдесу мен сыпайылық белгілеріне қатысты айырмашылықтарын білмеді (сурет 1). Ал үш студент екі халықтың салт-дәстүрлерінде ешқандай айырмашылық жоқ екенін айтты:




Сурет 1 - Екінші сұрақтың жауаптары (%)

Үшінші сұраққа берілген жауаптардың талдау көрсеткіші (сурет 2): 68,2 % студенттер қазақ/татар халқының ұлттық тағамдарын толық атап берді. Ал 18,2 % респонденттер жауабын білмеді. 4,5 % тек бір-екі дәстүрлі тағамдарды белгілей алды. Оның ішінде – қазақ халқының ұлттық тағамдарына бір тағамды ғана атаған – ол ет асу, бауырсақ, не сірне; ал татар халқының ұлттық тағамдарына чак-чакті, эчпочмакті, не бәлішті белгілеген. Екі халықтың (қазақ/татар) ұлттық тағамдарын бірдей біліп белгілегендердің саны – 9,1 % құрады:



Сурет 2 - Үшінші сұрақтың жауаптары (%)

Ал, төртінші сұрақтың жауаптары (сурет 3) – студенттердің 77,3 % бұл сұраққа толық жауап берді, ал 13,6 % сұраққа жауап бере алмады. Қазақ/татар халқының мәдениетіне тән дәстүрлі халық әндері, билері немесе музыкалық аспаптарының арасында тек бір немесе екі элементті атап өткен респонденттердің саны – 9,1 % құрады:



Сурет 3 - Төртінші сұрақтың жауаптары (%)

Екі университет студенттеріне сауалнама жүргізген кезде келесідей жауаптар кездесті: «Мен қазақ/татар халықтарының дәстүрлі халық музыкалық аспаптарына домбыра/думбра, қобыз/кубызды жатқызамын. Атаулары да ұқсас келеді. Екі халықтың тарихына келсек – Алтын Орда кезінде де, одан кейінгі кезеңде де қазақ пен татар ұлты деген ұғым болған жоқ. Ол заманда бәрі түркі, бәрінің тілі бір болған. Сол себептен қазақ пен татар халықтарының мәдени-тарихи байланысы өте тығыз болып келеді». Осындай кездескен жауаптар студенттердің екі халықтың мәдениеті мен дәстүрлерінің ұқсастығын байқағандарын білдіреді. Бұл сұрақта студенттердің пікірлері әртүрлі болды.

Бесінші сұраққа берілген жауаптарды талдау (сурет 4): 97,5 % респонденттер қазақ/татар халқының мәдениетінде оқу-білімге, бала тәрбиелеуге, қарт туыстарға қамқорлық жасауға қатысты дәстүрлер бар екенін растады, ал 2,5 % – мұндай дәстүрлер жоқ деп есептейді.



Сурет 4 - Бесінші сұрақтың жауаптары (%)

Сауалнама нәтижелері әртүрлі пікірлерді көрсетті. Бұл Zoom платформасында ұйымдастырылған студенттердің бірлескен онлайн сабақтарының және VK әлеуметтік желісінде Ресей-Қазақстан хэштегімен топ құруының нәтижесі деп айта аламыз.

Осылайша, сауалнама нәтижелері келесі қорытындыға келуге мүмкіндік береді:

1. Бірлескен оқу үдерісінде студенттер мәдени айырмашылықтарды түсінуге және құрметтеуге, мәселелерді бірлесіп шешуге, өзара келісімге келуге және ортақ құндылықтарды табуға үйренеді.

2. Бұл достықтың қалыптасуына, мәдениетаралық қарым-қатынас пен өзара түсіністіктің дамуына ықпал етеді және жаһандық қауымдастықты құрудың маңызды факторы болып табылады.

3. Әр түрлі елдердің студенттері идеялармен, тәжірибелерімен алмасып, мәдени құндылықтарды меңгеріп, ой-өрісін кеңейтіп, мәдениетаралық түсіністікті дамытады.

4. Онлайн форматта оқу студенттерге шетелге шықпай өз елінде оқуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе қаржылық себептермен кетуге мүмкіндігі жоқ студенттер үшін өте маңызды.

5. Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) цифрлық платформалар арқылы коммуникацияны, виртуалды топтарда бірлесіп жұмыс істеуді және т.б. қоса алғанда, желілік ортада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

6. Студенттердің әртүрлі елдердегі әріптестерімен байланыс орнату мүмкіндігі бар, бұл болашақта кәсіби өсу үшін пайдалы болуы мүмкін.

7. Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) білім беру үрдісін жақсарту және оның тиімділігін арттыру үшін технологияларды пайдаланатын оқытудың жаңа әдістерін дамытуға ықпал етеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей COIL әдісі жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын интернационалдандыру мен онлайн академиялық ұтқырлық үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. COIL интернационалдандырудың тұрақты үдерісіне, сондай-ақ лингвомәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға және көптілділікті сақтауға ықпал етеді.

Біздің нәтижелеріміз осы саладағы соңғы зерттеулерге ұқсас, яғни COIL арқылы студенттердің лингвомәдени құзыреттіліктері, мотивациялары артқандығы және олар инновациялық тәсілді қолдана отырып, білімдерін шындап, қалыптастыра алды; бұл "үйден шықпастан шетелде оқу" тәжірибесін қамтамасыз етті, бұл елдер арасында көпірлер орнату әлеуетін растады [13; 14, 25].

Әлемнің әртүрлі елдерінен екі топ бірлесіп жұмыс жасағанда, мәдениетаралық және трансұлттық оқыту жүзеге асырылады. Нәтижесінде, COIL студенттерге өзара әрекеттесуге, ынтымақтастыққа, пікір алмасуға және оқу үдерісін мағыналы етуге мүмкіндік береді. COIL арқылы жұмыс істеу сонымен қатар мәдениетаралық хабардарлыққа, пәнге тән мазмұн бойынша білімге, қарым-қатынас пен топтық ынтымақтастық дағдыларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Виллар-Онрубия және Раджпал сынды авторлар COIL арқылы жұмыс істеу кезінде студенттердің ақпаратты түсіну және басқару үшін мәдениетаралық қарым-қатынас қабілетіне бақылау, үздіксіз және белсенді тыңдау, ауызша және вербалды емес қарым-қатынас арқылы да қол жеткізілетінін дәлелдеді [15].

ЖОО әртүрлі мәдениеттерді, тілдерді байланыстыру арқылы COIL әдісі түпнұсқа тілін пайдалану, шынайы қарым-қатынас жасау тәжірибесі негізінде лингвомәдени құзыреттілікті арттырады.

Попованың пікірінше лингвомәдени құзыреттілік үш өлшем бойынша шеберлікпен дамиды: лингвомәдени білім, дағдылар мен қабілеттер. Оларға елдерді тану, зерттеу негізінде және белгілі бір жағдайдағы сөйлеушінің тиісті вербалды немесе вербалды емес коммуникативтік мінез-құлқының ерекшелігін бақылау мен үйрету арқылы қол жеткізуге болады [16, 67].

Лингвомәдени құзыреттілік дегеніміз - тіл тұрғысынан көрініс табатын және ол танымдық қарым-қатынастың негізін құрайтын әлем туралы білім алуға негізделген басқа лингвомәдени қоғамдардың өкілдерімен өзара түсіну және әрекеттесу қабілеті мен дайындығы.

Лингвомәдени құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі, оның қалыптасуы қазіргі кезеңде шет тілдерін оқытудың негізгі мақсаты болып табылады. Лингвомәдени құзыреттіліктің мазмұнына танымдық және коммуникативтік компоненттер кіреді. Осы компоненттердің жиынтығы студенттердің көпмәдениетті қоғамда

өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Тіл мен мәдениеттің әрекеттестігі өзара байланыста болады: тіл мәдени қарым-қатынасты, ал мәдени өзара әрекеттесу тілді қалыптастырады.

Біздің нәтижелеріміз Т.Мораның зерттеулерімен сәйкес келетінін көреміз. Студенттердің лингвомәдени құзыреттілігін әр түрлі тұрғыдан, яғни студенттің мамандыққа бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігі ретінде қарастырсақ студенттердің біріктірілген терең лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени білімдерін мамандыққа байланысты іс-әрекетте және мәдениетаралық қарым-қатынаста мамандыққа сәйкес дағдылармен ұштастыра пайдалану қабілеті [17, 187].

Бастапқыда студенттердің өзге ел студенттерімен бірлесіп жұмыс істеуде, ой-пікірлерін ағылшын тілінде еркін жеткізуде қобалжулар байқалды. Студенттер сабақтан тыс уақытта да бейресми түрде байланыса алу үшін VK әлеуметтік желісінде топ құрды. Студенттер цифрлық дағдыларды дамыту арқылы өзара мәліметтермен алмасып, ынтымақтастық құруға мүмкіндік алды. Олар топтық жұмысқа белсенді қатысты, сонымен қатар бір-бірінің мәдениеті, өмір салты туралы түсініктерімен бөлісті және лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндігіне ие болды. Студенттер COIL әдісімен жұмыс жасай отырып, олардың өзара түсіністікке ие болғандығын, тиімді қарым-қатынас жасау және әртүрлі пікірлерге дұрыс жауап беру қабілеттерін арттырғанын байқадық.

Бұл зерттеуде байқалған оң нәтижелер басқа авторлардың зерттеулерімен ұқсастығын Де Кастро және т.б. авторлардың тұжырымдарынан байқаймыз [18, 112]. COIL әдісі халықаралық деңгейде оқудың мүмкіндігі ретінде перспективалы нәтижелер көрсетті. Студенттер шетелге шықпастан басқа елдегі құрдастарымен мағыналы, құнды қарым-қатынаста болды. COIL әдісі студенттерді кәсіби даярлауда көп мәдениетті жұмыс орындарына дайындаудың практикалық әдісін ұсынды, сонымен бірге ЖОО академиялық бағдарламалардың мақсаттарын орындауға көмектесті. Ол оқытушыларға да өзге ұлттарға құрмет пен сүйіспеншілікті насихаттайтын сабақтарды дайындауға, сондай-ақ онлайн оқыту әдістерін пайдалануға көмектесті.

ҚОРЫТЫНДЫ

COIL платформасын пайдалану арқылы жергілікті және шетелдік оқытушылардың өзара ынтымақтастығы және басқа елдің мәдениетімен танысудың жаңа мүмкіндіктері пайда болады. Ол студенттерге халықаралық және көп мәдениетті білім алуға, виртуалды ұтқырлық арқылы білім алмасуға, жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық, мәдениетаралық құзыреттіліктер мен цифрлық дағдыларды дамыту қабілеттерін шыңдауға жол ашады. Бірлескен онлайн практикалық және семинар сабақтар барысындағы қолданылатын түрлі әдістер студенттерге тек қана шетел тілін үйреніп қана қоймай, сонымен қатар оны күнделікті тәжірибе алмасуда пайдалана отырып, өздерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін, басқа ұлт өкілдерімен танысып, олардың салт-дәстүрімен таныса келе лингвомәдени құзыреттіліктерін дамытады.

Студенттер басқа елдің студенттерімен бірлескен іс-шараларға қатысу арқылы мәдени айырмашылықтарды бағалайды. Онлайн ынтымақтастық сабақтың мақсаты студенттер цифрлық медиа және eLearning негізіндегі жобалық іс-шараларға қатысу арқылы ағылшын тілі білімдерін жетілдіреді және мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін дамытады.

Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) әртүрлі елдердің студенттері мен оқытушыларын курстық жұмыс аясында бірлескен жобалар мен пікірталастар үшін біріктіреді.

Студенттер мен оқытушылар арасындағы тығыз ынтымақтастық оқу бағдарламаларына енгізілген жаһандық тәжірибе үшін маңызды мүмкіндіктер береді.

COIL университеттерге өз студенттерінің жаһандық қатысуын қамтамасыз етудің үнемді әдісін ұсына отырып, онлайн және виртуалды өзара әрекеттесудің дәлелденген тәсілдері арқылы студенттер тобына бағытталған мәдениетаралық өзара әрекеттесуді күшейтеді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұл мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан (АР14872046 «Қазақстандағы жоғары білім беруді интернационалдандыру негізінде білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту» гранттық жобасы) қаржыландырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Болон процесі тарихы// http://enic-kazakhstan.edu.kz/bologna_process/history
- 2 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
- 3 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
- 4 Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім алушыларының академиялық ұтқырлық тұжырымдамасы (2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа шеңберінде ректорлар кеңесінде талқыланды және мақұлданды)// http://tou.edu.kz/images/october2014/konc_ak_mob.pdf
- 5 Rubin J. (2017), *Embedding Collaborative Online International Learning (COIL) at higher education institutions. Internationalization of Higher Education.*
- 6 Guth, S. (2018), Developing multiliteracies in ELT through telecollaboration. *ELT Journal* Volume, 66, n. 1, 2011. 42–51. Accessed on May 20th.
- 7 Woolf, M. (2010), Another Mishegas: Global Citizenship. *Frontiers: The Interdisciplinary Journal of Study Abroad.*
- 8 American Council on education (2016), *Mapping internationalization on U.S. campuses*, 2016 edition. Washington.
- 9 De Wit, H. (2013), *Global: Coil-Virtual Mobility without Commercialisation.* In: MIHUT, G.; Altbach, P. G.; Wit, H. *Understanding Higher Education Internationalization. Global Perspectives on Higher Education.* Rotterdam: SensePublishers.
- 10 Spitzberg, B. H.; Changnon, G. (2009), *Conceptualizing intercultural competence.* In: Deardorff, D. K. *The SAGE Handbook of Intercultural Competence.* [S.l.]: SAGE Publications. Cap. 1, p. 2-52.
- 11 Meza, O. (2018), *Collaborative teaching project based on the COIL model.* La Salle University. Retrieved from: <http://repositorio.lasalle.mx/handle/lasalle/760>
- 12 Упирова В.Г. (2016), Интернационалдандырудың университеттік тұжырымдамасын құрудың заманауи тенденциялары // *Шет тілін оқыту әдістемесі мен практикасындағы заманауи тәсілдер: Халықаралық конференцияның материалдары мен баяндамалары* (Самара, 2016) / жау.редак. В.В. Левченко. Самара: Самара университетінің басылымы. 90 б.
- 13 Quintana-Ordorika A., Camino-Esturo E., Portillo-Berasaluce J. and Garay-Ruiz U. Integrating COIL in teacher training: An estimation of learners' motivational attitudes. *Frontiers in Education.* DOI 10.3389/feduc.2023.1141620
- 14 Hildeblando, C.A.; Finardi, Kyria Rebeca. (2018), *Internationalization and virtual collaboration: insights from COIL experiences.* *Ensino em Foco*, v. 1, p. 19-33.
- 15 Villar-Onrubia, D., and Rajpal, B. (2016), *Online international learning: Internationalising the curriculum through virtual mobility at Coventry University.* *Pers. Policy Prac. Higher Educ.* 20, 75–82. doi: 10.1080/13603108.2015.1067652
- 16 Popova, O. (2015), Criterial approach to professional and speech training targeted for the future translators of the Chinese language. *Scientific Bulletin of South Ukrainian National Pedagogical*

University named after K. D. Ushynsky (Series: Pedagogy), 1(108), 64–68).
<http://pdpu.edu.ua/vidavnytstvo/145-naukovij-visnik>

17 Mora, A. Trejo, P. & Roux, R. (2019), *The complexities of being and becoming language teachers: issues of identity and investment. Language and Intercultural Communication*, 16 (2), 182–198. <http://doi.org/10.1080/14708477.2015.1136318>

18 de Castro AB, Dyba N, Cortez ED, Pe Benito GG. (2018), *Collaborative online international learning to prepare students for multicultural work environments. Nurse Educ.*; DOI: 10.1097/NNE.0000000000000609

Материал 31.05.2024 баспаға түсті

Формирование лингвокультурной компетенции студентов через методом COIL

Б.С. Каримова¹, Е.К. Нурланбекова¹, Б.К. Базылова², А.П. Макашева¹

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, 120014, Республика Казахстан

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, 050000, Республика Казахстан

В статье сделан аналитический обзор работ ученых и их теоретико-методологических основ, связанных с вопросами совместного международного онлайн-обучения (COIL). Вопросы развития межкультурных и языковых компетенций студентов, формирования языковой среды, навыков общения, критического мышления и решения проблем рассматривались посредством метода совместного международного онлайн-обучения (COIL) с зарубежными вузами-партнерами. С целью оценивания метода COIL было проведено анкетирование 60 студентов. Проанализировав результаты анкетирования количественным методом, собрали информацию о впечатлениях обучающихся от учебной программы, о ее влиянии на развитие кросс-культурной компетентности и языкового уровня. Установлено, что у студентов нашей страны, есть возможность, не выезжая за рубеж, обучаться в зарубежных университетах, обмениваться опытом, развивать лингвокультурные, межкультурные и кросс-культурные компетенций.

Ключевые слова: совместное международное онлайн-обучение (COIL), лингвокультурная компетенция, цифровая платформа, интернационализация.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 История Болонского процесса// http://enic-kazakhstan.edu.kz/bologna_process/history
- 2 Закон РК от 24 октября 2011 года № 487-IV «О внесении изменений в Закон РК «Об образовании» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
- 3 Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 248. Об утверждении Концепции развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023-2029 годы// <http://adilet.zan.kz/kaz/документы/P2300000248>
- 4 Концепция академической мобильности обучающихся высших учебных заведений Республики Казахстан (обсуждена и одобрена на совещании ректоров в рамках расширенной Коллегии Министерства образования и науки Республики Казахстан от 19 января 2011 года// http://tou.edu.kz/images/october2014/konc_ak_mob.pdf
- 5 Rubin J. (2017), *Embedding Collaborative Online International Learning (COIL) at higher education institutions. Internationalization of Higher Education.*
- 6 Guth, S. (2018), *Developing multiliteracies in ELT through telecollaboration. ELT Journal Volume*, 66, n. 1, 2011. 42–51. Accessed on May 20th.
- 7 Woolf, M. (2010), *Another Mishegas: Global Citizenship. Frontiers: The Interdisciplinary Journal of Study Abroad.*

- 8 American Council on education. (2016), *Mapping internationalization on U.S. campuses*, 2016 edition. Washington.
- 9 De Wit, H. (2013), *Global: Coil-Virtual Mobility without Commercialisation*. In: MIHUT, G.; Altbach, P. G.; Wit, H. *Understanding Higher Education Internationalization. Global Perspectives on Higher Education*. Rotterdam: SensePublishers.
- 10 Spitzberg, B. H.; Changnon, G. (2009), *Conceptualizing intercultural competence*. In: Deardorff, D. K. *The SAGE Handbook of Intercultural Competence*. [S.l.]: SAGE Publications. Cap. 1, p. 2-52.
- 11 Meza, O. (2018), *Collaborative teaching project based on the COIL model*. La Salle University. Retrieved from: <http://repositorio.lasalle.mx/handle/lasalle/760>
- 12 Упирова В.Г. (2016), *Современные тенденции создания университетской концепции интернационализации // Современные подходы в методике и практике преподавания иностранного языка: материалы и доклады международной конференции* (Самара, 2016) / отв.ред. В.В. Левченко. Самара: Изд-во Самарского университета. 90 с.
- 13 Quintana-Ordorika A., Camino-Esturo E., Portillo-Berasaluce J. and Garay-Ruiz U. *Integrating COIL in teacher training: An estimation of learners' motivational attitudes*. *Frontiers in Education*. DOI 10.3389/educ.2023.1141620
- 14 Hildeblando, C.A.; Finardi, Kyria Rebeca. (2018), *Internationalization and virtual collaboration: insights from COIL experiences*. *Ensino em Foco*, v. 1, p. 19-33.
- 15 Villar-Onrubia, D., and Rajpal, B. (2016), *Online international learning: Internationalising the curriculum through virtual mobility at Coventry University*. *Pers. Policy Prac. Higher Educ.* 20, 75–82. doi: 10.1080/13603108.2015.1067652
- 16 Popova, O. (2015), *Criterial approach to professional and speech training targeted for the future translators of the Chinese language*. *Scientific Bulletin of South Ukrainian National Pedagogical University named after K. D. Ushynsky (Series: Pedagogy)*, 1(108), 64–68). <https://pdu.edu.ua/vidavnitstvo/145-naukovij-visnik>
- 17 Mora, A. Trejo, P. & Roux, R. (2019), *The complexities of being and becoming language teachers: issues of identity and investment*. *Language and Intercultural Communication*, 16 (2), 182–198. <https://doi.org/10.1080/14708477.2015.1136318>
- 18 de Castro AB, Dyba N, Cortez ED, Pe Benito GG. (2018), *Collaborative online international learning to prepare students for multicultural work environments*. *Nurse Educ.*; DOI: 10.1097/NNE.0000000000000609

Материал поступил в редакцию журнала 31.05.2024

Formation of linguocultural competencies of students using COIL approach

B.S. Karimova¹, E.K. Nurlanbekova¹, B.K. Bazylova², A.P. Makasheva¹
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, 120014, Kazakhstan
Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, 050000, Kazakhstan

The article provides an analytical review of the works of scientists and their theoretical and methodological foundations related to the problems of collaborative international online learning (COIL). The issues of developing intercultural and linguistic competencies of students through the collaborative online international learning (COIL) approach with foreign partner universities, the formation of a language environment, communication, critical thinking, and improving problem-solving skills were considered. A survey of 60 students was conducted to evaluate the COIL approach. The results of the survey were analyzed by quantitative methods and information was collected about the impact of the curriculum on the development of cross-cultural competencies and the development of the language level of students. It was found that local students can study at foreign universities, exchange experience; develop linguocultural, intercultural and cross-cultural competencies without traveling abroad.

Key words: collaborative online international learning (COIL), linguocultural competence, digital platform, internationalization.

REFERENCES

- 1 Istoriya Bolonskogo processa [History of the Bologna Process]// http://enic-kazakhstan.edu.kz/bologna_process/history
- 2 Zakon RK ot 24 oktyabrya 2011 goda № 487-IV «O vnesenii izmenenij v Zakon RK «Ob obrazovanii» [Law of the Republic of Kazakhstan from 24 October 2011 No. 487-IV “On amendments to the Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
- 3 Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 marta 2023 goda № 248. Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya vysshego obrazovaniya i nauki v Respublike Kazahstan na 2023-2029 gody [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 248. On approval of the Concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]// <http://adilet.zan.kz/kaz/dokumenty/P2300000248>
- 4 Konceptiya akademicheskoy mobil'nosti obuchayushchihsvya vysshih uchebnyh zavedenij Respubliki Kazahstan [The concept of academic mobility of students in higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan] (obsuzhdena i odobrena na soveshchanii rektorov v ramkah rasshirennoj Kollegii Ministerstva obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 19 yanvarya 2011 goda // http://tou.edu.kz/images/october2014/konc_ak_mob.pdf
- 5 Rubin J. (2017), *Embedding Collaborative Online International Learning (COIL) at higher education institutions. Internationalization of Higher Education.*
- 6 Guth, S. (2018), Developing multiliteracies in ELT through telecollaboration. *ELT Journal* Volume, 66, n. 1, 2011. 42–51. Accessed on May 20th.
- 7 Woolf, M. (2010), Another Mishegas: Global Citizenship. *Frontiers: The Interdisciplinary Journal of Study Abroad.*
- 8 American Council on education. (2016), *Mapping internationalization on U.S. campuses*, 2016 edition. Washington.
- 9 De Wit, H. (2013), *Global: Coil-Virtual Mobility without Commercialisation.* In: MIHUT, G.; Altbach, P. G.; Wit, H. Understanding Higher Education Internationalization. Global Perspectives on Higher Education. Rotterdam: SensePublishers.
- 10 Spitzberg, B. H.; Changnon, G. (2009), *Conceptualizing intercultural competence.* In: Deardorff, D. K. The SAGE Handbook of Intercultural Competence. [S.l.]: SAGE Publications. Cap. 1, p. 2-52.
- 11 Meza, O. (2018), *Collaborative teaching project based on the COIL model.* La Salle University. Retrieved from: <https://repositorio.lasalle.mx/handle/lasalle/760>
- 12 Upirova V.G. (2016), *Sovremennye tendencii sozdaniya universitetskoj koncepcii internacionalizacii [Modern trends in creating a university concept of internationalization]// Sovremennye podhody v metodike i praktike prepodavaniya inostrannogo yazyka: materialy i doklady mezhdunarodnoj konferencii (Samara, 2016) / otv.red. V.V. Levchenko. Samara: Izd-vo Samarskogo universiteta, 90 s.*
- 13 Quintana-Ordorika A., Camino-Esturo E., Portillo-Berasaluce J. and Garay-Ruiz U. Integrating COIL in teacher training: An estimation of learners’ motivational attitudes. *Frontiers in Education.* DOI 10.3389/educ.2023.1141620
- 14 Hildeblando, C.A.; Finardi, Kyria Rebeca. (2018), *Internationalization and virtual collaboration: insights from COIL experiences.* Ensino em Foco, v. 1, p. 19-33.
- 15 Villar-Onrubia, D., and Rajpal, B. (2016), *Online international learning: Internationalising the curriculum through virtual mobility at Coventry University.* Pers. Policy Prac. Higher Educ. 20, 75–82. doi: 10.1080/13603108.2015.1067652
- 16 Popova, O. (2015), *Criterial approach to professional and speech training targeted for the future translators of the Chinese language. Scientific Bulletin of South Ukrainian National Pedagogical University named after K. D. Ushynsky (Series: Pedagogy), 1(108), 64–68.* <http://pdp.u.edu.ua/vidavnistvo/145-naukovij-visnik>

17 Mora, A. Trejo, P. & Roux, R. (2019), *The complexities of being and becoming language teachers: issues of identity and investment. Language and Intercultural Communication*, 16 (2),182-198. <http://doi.org/10.1080/14708477.2015.1136318>

18 de Castro AB, Dyba N, Cortez ED, Pe Benito GG. (2018), *Collaborative online international learning to prepare students for multicultural work environments. Nurse Educ.*; DOI: 10.1097/NNE.0000000000000609

Received: 31.05.2024

IRSTI 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp248-259](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp248-259)

M.S. Kulakhmetova¹, K.M.Daulbayeva¹

¹Margulan Pedagogical University, 140008, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

AUTHENTIC MEDIA MATERIALS BY INCREASING MOTIVATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Teaching a foreign language involves not only technical mastery of all speech skills. This, first of all, is facilitated by increased interest and positive internal motivation of the student. The ability to see the prospect of mastering a foreign language is one of the learning tasks. If at the first stage of training at the A1-A2 level there is a high internal motivation, then later, the more complex the material and the influence of external factors such as the choice of profession and others, implicitly affect its decline. The process of systematic support and increasing the motivation of students in learning a foreign language plays an important role. This article presents a theoretical model of increasing students' motivation through the using of authentic materials in foreign language classes, which is developed as part of the master's thesis "The use of authentic media materials as a means of increasing motivation in foreign language teaching". The article presents the concept of "Authentic materials", as well as the "Classification of authentic materials" and their motivational potential. It has been proven that incorporating authentic media materials into foreign language teaching can be an effective strategy for increasing students' motivation and engagement.

Key words: language learning, authentic material, learning motivation, foreign language, media material.

MAIN PROVISIONS

Authentic media materials - real-world content created for native speakers in the target language, such as newspapers, podcasts, videos, and social media.

The motivational impact of these materials is the ability to expose learners to genuine language use, cultural nuances, and contemporary contexts.

Such materials should align with the interests, preferences, and cultural backgrounds of the learners, enhancing relevance and engagement. Using authentic materials provides learners with a deeper understanding of the target culture, fostering cultural competence alongside language proficiency.

Moreover, authentic media materials mirror real-world language use, exposing learners to idiomatic expressions, colloquialisms, and diverse linguistic styles used by native speakers.

Including such materials in the educational process allows the use of diverse media formats, including articles, videos, interviews, and social media content, to cater to different learning styles and preferences.

It is important to highlight the interactive nature of authentic media materials, allowing learners to engage in discussions, debates, and projects inspired by real-world content.